

## Трансформаторлық шағын станцияларды республикалық меншіктен Астана қаласының коммуналдық меншігіне беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 10 желтоқсандағы N 1255 қаулысы

"Мемлекеттік мүлікті мемлекеттік меншіктің бір түрінен екінші түріне беру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 22 қаңтардағы N 81 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Іс басқармасының теңгеріміндегі "Қазақстан Республикасы Президентінің "Шұбар" мемлекеттік саяжайы" объектісінің 1081 трансформаторлық шағын станциясы мен "195 пәтерлік тұрғын үй кешені" объектісінің трансформаторлық шағын станциясын республикалық меншіктен Астана қаласының коммуналдық меншігіне беру туралы Астана қаласы әкімінің ұсынысы қабылдансын.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы (келісім бойынша) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен және Астана қаласының әкімдігімен бірлесіп, заңнамада белгіленген тәртіппен трансформаторлық шағын станцияларды қабылдау-беру жөніндегі қажетті ұйымдастыру іс-шараларын жүзеге асырсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы  
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң*

*міндетін атқарушы*